

Мұсатаев С., Балкеев А.
**Орал облысы қазақтарының
съезін өткізудегі
Ж. Досмұхамедовтың рөлі**

Мақалада тарихи деректер негізінде Жаханша Досмұхамедовтың Орал облысы қазақтарының съезін өткізудегі рөлі, атқарған қоғамдық қызметтері сондай-ақ, саяси көзқарастары саясаттанулық тұрғыда талданады. Батыс Алашорда үкіметінің лидері ретінде танымал Ж. Досмұхамедов Орал облысы қазақтары съезін ұйымдастыру мен өткізудің басы-қасында жүргені, съезд төрағасы болғандығы саясаттанушылар тарапынан әлі толық бағасын алған жоқ, оның саяси қызметі жеткілікті зерттелген жоқ. Мақалада оның қайраткерлігі, ел болашағын ойлап, ұлттың сақталуы үшін мемлекеті болуы керектігі туралы идеялары, федерация құрамындағы автономды демократиялық республика болуы маңызды екендігін көрсеткендігі айтылады.

Түйін сөздер: Жаханша Досмұхамедов, Орал облысы қазақтарының съезі, мемлекеттілік, ұлттық мүдде, алаш, автономия.

Musataev S., Balkeev A.
**J. Dosmukhamedov role in the
conduct of the Congress of
Kazakhs region Oral**

The article analyzes the political point of view with Zhahanshy Dosmukhamedov role in the conduct of the Congress of Kazakhs Oralskoy area, his public activities, as well as political views based on historical data. J. Dosmukhamedov known as the leader of Western Alashorda, but with political point of view political activity as J. Dosmukhamedov chairman of the Congress of Kazakhs Oral area is still not widely appreciated, its role in the congress and organizations insufficiently investigated. The article discusses his work, the idea of preserving the national identity, the future structure of the state, the importance of creating an autonomous democratic republic within the federation.

Key words: Zhahansha Dosmukhamedov, Congress of Kazakhs region Oral, state, national interest, Alash, autonomy.

Мұсатаев С., Балкеев А.
**Роль Ж. Досмухамедова
в проведении Съезда казахов
Уральской области**

В статье проанализированы с политологической точки зрения роль Жаханшы Досмухамедова в проведении Съезда казахов Уральской области, его общественная деятельность, а также политические взгляды на основе исторических данных. Ж. Досмухамедов известен как лидер Западной Алашорды, но с политологической точки зрения политическая деятельность Ж. Досмухамедова как председателя Съезда казахов Уральской области до сих пор не получила должной оценки, его роль в организации и проведении съезда недостаточно исследованы. В статье рассматривается его деятельность, идеи о сохранении национального облика в будущей структуре государства, важности создания автономной демократической республики в составе федерации.

Ключевые слова: Жаханша Досмухамедов, Съезд казахов Уральской области, государственность, национальный интерес, алаш, автономия.

**ОРАЛ ОБЛЫСЫ
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
СЪЕЗІН ӨТКІЗУДЕГІ
Ж. ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ
РӨЛІ**

Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы ХХ ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің бет алыс бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялылары шықты. Алаш қайраткерлерінің алдына қойған басты саяси мақсат-мұраты қазақ халқының тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекет құру болды. Алаштанушы профессор М. Қойгелдиев «Алаш қозғалысын өмірге алып келген негізгі екі себеп – отарлық тәуелділік пен феодалдық мешеулік. Соған сай алаштық зиялылар өз қызметінде, негізінен, екі мақсатты, яғни, біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, екіншіден, қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығуды көздеді» деуі тегін емес [1]. Алаш зиялылары отарлық езгі жағдайында ұлтын азат ету, ұлттық мүддені қорғап, қазақ елінің әлем халықтарымен терезесі тең болып дамуының басты көрсеткіші – ұлттық мемлекеттің болуы деп есептеді. Сондай елім деп еңіреген Алаш арыстарының бірі Жаһанша Досмұхамедов болып табылады. Ол патша өкіметі тұсында «бұратанадан» шығып, Россия империясы Томск аймағы прокурорының орынбасары дәрежесіне дейін көтерілген дала қазағы.

Ж. Досмұхамедовтың қазақ халқы мен қазақ мемлекеттілігі пайда болуының тарихи тамырлары туралы айтқан идеялары онымен замандас Алаш қайраткерлерінің ой-пікірлерінен ерекше болды. Ж. Досмұхамедов «Уральский листок» газетінің 1911 жылғы 13 қаңтардағы № 9 санында жарияланған «Несколько слов о киргизском обычном праве и народном суде» атты мақаласында бірқатар тың идеялар тұжырымдаған. Ол алдымен «қазақ» деген атаудың шығу төркінін, яғни, этимологиясын түсіндіруде тың идея ұсынды: қазақ – «қаз» (құстың түрі) және «зақ» – қарға (көне түрік тілінде) деген мағына беретін қос сөзден құралған, мәні – біріншіден, қаз бен қарға құстары сияқты еркін, екіншіден қаз – ақ, қарға – қара құс, сол сияқты қазақ халқы да құрамы ала-құла халық. Үшіншіден, қазақта «Бәріміз де қарға тамырлы қазақпыз» деген сөз бар. «Қарға қарғаның

көзін шұқымайды», «Тозған қазды топтанған қарға алады» дейтін мақалдары бар. Төртіншіден қыстың ызғары кетіп, көктемнің келгенін паш етіп, бірінші болып ұшып келетін жыл басының жаршысы Ұс, Ұз демекші Ұсақ-Ұзақ, яғни, Ұзақ қарғаға балап, Ұзақпыз-Ғұзақпыз десіп өзімізді «қарға тамырлы қазақпыз», «қарға тамырлы ел едік» деп өскен «Құс» еліміз. Бесіншіден, бейбітшілік, сұлулық, адалдықтың ару құсы, құстың төресі, аққу, қазды киелі құс санап ару қыздарымыз бен асыл аналарымызды аққу, қазға балап «қазақ» атанып жүрген «Құс» еліміз. Ж. Досмұхамедовтың «қазақ» сөзінің этимологиясы туралы ойларын қай жағынан алып қарасақ та адамға ой салары анық. Осыған ұқсас пікірлерді өзге де қазақ тарихшыларының пікірлерінен байқауымызға болады. Мысалы, Самат Сыпатайұлы «Үш жүз хәм Қазақ» атты еңбегінде «...қазақтың «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп ер балаларын қыранға, қыз балаларын аққуға теңеуі мен «Ұлым ұяда, қызым кияда», «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай», «қанатының астына алды», «атқа қонды», «үйге қон», «қонып кет», «қанаты қатайды», «топшысы бекіді», «бақ құсым», «балапаным», «қанатым», – деп қана қоймай, мектеп бітіріп үлкен өмірге аяқ басқалы тұрған ұл-қыздарын, еліміздің «жас түлектері» деп сөз саптауы да кездейсоқ айтыла салған сөз емес екен. «Қыран түлегіне қайтпас қайсар сыйлайды» – дейді дана халқымыз. Олай болса «түлек» деп бүркіттің, яғни тәңірі құсы, қыранның балапанын ғана айтатынын еске алсақ та жеткілікті-ау деймін, тіпті келін түсіргенде «аққуыңды аяла», «құсың құтты болсын», деп қыздарына «құс етек» көйлек кидіретін де осы біздің қазақ. Ол ол ма, домбыра мен найзасына, тақия, бөрік, хәм тымақ пен сәукелеге үкі тағып, дулығасына қыран құстың қауырсынын тағып, құстың кеуде жүні мен балақ жүніне ұқсатып ұрыс-соғысқа ыңғайлы етіп сауыт қиетін де біздің батыр балаларымыз. Тіпті хан көтергенде де ханды ақ кигізге (ақ кигіз биік шың басындағы қардың бейнесі) отырғызып, ұлылап, Ұлы Ұс (Ұлұғ Ұс/Ұлұ Құс), (Шыңғ Ұс/ Шың Құс) деп көктің құсы, биіктің құсы, тәңірі құсына балап «қыран аласаға қонбайды» – деген ниетпен биікке шығарып хан көтерген» деп ой толғайды [2].

Ж. Досмұхамедов кейбір зерттеушілер көрсеткендей, қазақ халқының қалыптасуына моңғолдардың ықпалы көп болды деген пікірлерге қарсы шықты. Қазақ тарихын айқындауда ресейлік зерттеушілердің ішінен А.И. Левшиннің «Свидание с ханом меньшей Киргиз-Кайсакской

орды», «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты ғылыми еңбектерінің деректемелік маңызын ерекше атап өткен. Ол тарихи деректерге сүйене отырып, қазақтар Ресей империясының боданына айналғанға дейін хандық мемлекет құрғанын, ал жалпы түркі тайпалары болса, моңғолдарға дейінгі кезеңде өз алдына дербес мемлекет құрып, өзара тайпалық одақтар жасасқанын алға тартты. Сондай-ақ, моңғол тілі мен қазақ тілін салыстырып, бір-бірінен айырмашылықтары көп екенін көрсетеді. Ал түркі халықтары болса, керісінше, тілдері бір-біріне өте ұқсас болып келеді. Осының негізінде, моңғол-татарлардың шапқыншылығынан кейін пайда болған Алтын Орда тұсында қазақ халқына ықпалын көп тигізген моңғолдар емес, татарлар болуы мүмкін деген долбар жасайды. Қазақ пен татар тілдері өте ұқсас. Қазақ-татар тілдеріне қарағанда великорус (орыс) және малорус (украин), белорус халықтарының тіл айырмашылықтары көп деп көрсетеді. Сол сияқты, қазақтардың «Қазақ-қырғыз бір туған», «Өзбек өз ағам», «Түбі бір түркі тілдестер» деп айтулары да тегін емес деген.

Ж. Досмұхамедов қазақтар әдет-ғұрып нормалары арқылы көшпенді өмірдегі тұрмыс-тіршілікті реттеп, далалық демократия үлгісін жүзеге асырумен қатар, қазақ жерінде азаматтық қоғам белгілері бұрын да болғанын көрсеткен. Қазіргі ғылыми түсінік бойынша, азаматтық қоғам жағдайында алдыңғы орынға бұқаралық көлбеу қатынастар шығады, сол арқылы сан түрлі әлеуметтік топтар мен мүдделес адамдар бірлестіктерге бірігіп, өздерінің мұң-мұқтаждарын, талап тілектерін саяси жүйеге жинақтап білдіреді, мемлекеттің көмегенсіз-ақ оларды шешуге талпынады. Ал ежелгі қазақ қоғамында мұндай бұқаралық мәселелер өте оңтайлы шешімін тауып отырған. Оны айғақтайтын дәлелдер көп, соның бірі – XVI-XVII ғасырлар аумағында қазақ мемлекетінің аса маңызды саяси органдарының бірі – халық жиналысы (құрылтай) болғанын ерекше айтқан жөн. Орыстың әйгілі тарихшысы А. Левшин қазақтардың халық құрылтайында жалпы халықтың өміріндегі немесе мемлекеттік істердің әр саласындағы маңызды міндеттер қаралатынын, оларды шешу үшін барлық сұлтандар, ақсақалдар мен ру басылары күзде шақырылатынын жазған [3]. Халық жиналысының жұмыс істеуінің ақыры Тәуке хан тұсына сәйкес келеді. Ол қайтыс болған соң қазақ қоғамында орын алған жікшілдіктің ықпалы дәстүрлі халық жиналыстарының әр

жүздегі хандықтар ауқымында өте бастады. 1863 жылға дейін мұндай құрылтайлар Сайрамдағы Мәртөбеде өтсе, 1683 жылы Сайрамды жоңғарлар талқандаған соң 1684-1709 және 1711-1722 жылдары Тәшкен маңындағы қасиетті Ордабасы деген атпен тарихта қалған Күлтөбеде өткен (1710 жылы жиын Бөген өзеніне таяу жердегі Қаракүмтөбеде өткен). «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз содан шыққан. Халық жиналыстары қазіргі заманғы демократиядағы саясатқа халықтың тікелей қатысу формасына, яғни плебисцитке, референдум өткізуге ұқсас. Ел мен жер үшін аса маңызды мәселелер осындай құрылтайда шешілген. Мысалы, Кіші жүздің Ресейге бодан болып қосылу ниетін іске асыру үшін Әбілхайыр хан он екі ата Әлім ұлы, Бай ұлы мен Жетірудан келген 25 ру өкілдерін Ырғызға жинап, Маңтөбе деген жерде жиын өткізіп ақылдасқан. Осының нәтижесінде Ресей елшісі Тевкелев алып келген келісім-шарттың жобасына қол қойылып, бекітілген.

Ежелгі қазақ қоғамындағы азаматтық қоғамның бірден-бір көрінісі – асар. Асар – көпшіліктің жәрдемін пайдалану дәстүрі. Үлкен бір жұмысты (шөп шабу, егін ору, үй соғу т.б.) тез бітіру үшін ұйымдастырылады. Асар жасаушы адам алдымен жұмыс түрін, орындалатын уақытын айтып, ағайын туғанға, жора-жолдасқа хабар беріп, молынан тамақ дайындап, асарға шақырады. Қолғабыс тигізуге келгендер еңбегіне ақы алмайды, қонақасымен қанағаттанады. Халық арасына кең таралған бұл салттың асар делінуі де содан болса керек [4].

Ж. Досмұхамедовтың ойынша, азаматтық қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі – қайырымдылық жасау да бұрыннан бері қазақ қоғамында болған. Мысалы, қазақ халқында жылу жинау дәстүрі бар. Жылу – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауыр тұрмыстық жағдайға душар болған адамға көрсетілетін жәрдемнің бір түрі. Мұндай жәрдем жұт болып, малы қырылғанда, үй-жайы өртеніп, баспанасыз, киім-кешексіз қалғанда, шектен тыс қарыздар болғанда жеке адамға туған туыстары, көрші-қолаңдары, ауылдастары тарапынан көрсетіледі. Жылу ақшалай, заттай, мал т.б. түрінде беріледі. Жылу ағайын ақсақалы немесе ауылдың беделді адамының айтуымен жиналады [5].

Қазақ халқы ислам дінін қабылдаған соң зекет, пітір, садақа беру дәстүрі өмірге енді. Бұлардың да негізінде қайырымдылық жасау жатыр, жетім-жесірлер, мүгедек-мүсәпірлерге қамқорлық жасау жүзеге асты. Мысалы, малы аз адамдарға қарайласу мақсатында сауынға не-

месе көлікке мал беру дәстүрі болған. Сауын – кісіден алған малдың сүтін сауып ішіп, бағып-қағып, кейін иесіне аман-есен қайтарып беруді білдіреді. Ал, көлік – көмекке берілген кісінің малын көлік ретінде мініп, шаруға пайдаланып, қоңы мен күйін түсірмей, кейін қожайынға қайтарып беру.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін төрт түліктің қадірі қаншалықты зор екені айтпаса да түсінікті жәйт. Қазақтың етсіз, сүтсіз күнелтуін көзге елестету қиын. Әсіресе күзгі, қысқы боран мен көктемгі өларадан соғымға ірі қара малды сою дәстүрге айналған. Алайда жазғы күннің ыстығында немесе қажеттен тыс, ойламаған жерден ірі қара мал пышаққа ілінген жағдайда еттің рәсуа болып бұзылмауы үшін қазақтар «қызыл көтеру» арқылы қиындықтан шығып отырған. Ірі мал он екі жілікке бөлшектелініп, бағасына келісе отырып бөліске түскен. Бұл зардап шегушіге де, қол үшін берушілерге де өзара тиімді болған. Мұндай игі дәстүрлерден қазақ халқының дүниетанымында обал мен сауап сияқты қасиетті түсініктердің алдыңғы орында тұрғанын байқаймыз. Ең бастысы – нағыз азаматтық қоғам ретінде биліктің қатысуынсыз-ақ, қазақ халқы өздерінің әлеуметтік проблемаларын өздері шешіп отырған. Ж. Досмұхамедовтың саяси ойларын қорыта келе, қазақ жерінде ежелден-ақ азаматтық қоғамның көріністері мен құндылықтары болған деген тұжырымды батыл жасауымызға болады.

Сонымен қатар, ол қазақ халқының қалыптасуына географиялық фактордың тигізген ықпалына тоқталады. Қазақ ұлтының негізі болған ру-тайпалардың тұрмыс-тіршілігі ғасырлар бойы Еуразияның кең-байтақ даласында өтті. Қазақ елінің жер ауқымы қандай кең байтақ болса, қазақ халқының жан-дүниесі де сондай кең. Қазақтардың жаны еркіндік пен кеңшілікке құмар болуы сондықтан. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қазақ сөз бостандығын ежелден қастерлей білген. Тіптен, «Дат, тақсыр» деп, кәдуілгі қараша да, өлім жазасына кесіліп бара жатқан айыпталушы да талап-тілегін немесе ақтық сөзін басқа емес, ханның өзіне де айтуына құқығы болған. Қазақ әділетті әрі ақылмен айтылған сөзге тоқтай білген халық. Еуропалық сот институты қазақ жеріне келмей жатып-ақ, «Есім ханның ескі жолын», «Қасым ханның қасқа жолын» ұстанған қазақтарда бұрыннан билер соты болған. Би атану үшін адамның бойында әділдікпен қатар ұшқыр ой, шешендік, батылдық, өткірлік, көрегендік, данышпандық

сияқты асыл қасиеттер кешенді түрде болуы тиіс. «Би» атағы ешқашан мұрагерлікпен берілмеген, халық бидің харизматикалық («күдай берген», яғни, тумысынан берілетін ерекше қасиет, дарын, қабілет) билігін өзі мойындап, легитимді түрде «Би» деген асқақ атау берген. Дау-дамайларды билер әділ шешкен, «Қара қылды қақ жарған» тура билердің жасаған бәтуасына жүгінуші тараптар әрқашан ризашылықпен мойынұсынған. Компенсацияны да қазақтар ертеден қолданып, Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» негізінде құн мен айып төлеуді, ер мен жер дауын, жесір дауын әділ әрі мәдениетті түрде шеше білген. Осындай тарихи фактілерге сүйене отырып, Ж. Досмұхамедов «...киргизы от природы очень умны, впечатлительны и отзывчивы» деп ой түйеді [6].

1917 жылы ақпан және қазан айларында екі бірдей төңкеріс болғаны белгілі. Ақпан төңкерісі Ресей империясын үш ғасыр билеген Романов әулетінің монархиялық патшалығын құлатып, Уақытша өкіметті билік басына шығарды. Ресей құрамындағы аймақтар мен елдерді бостандық елесі кезіп, егеменді елдік құру үміті оянды. Ақпан төңкерісі қазақ зиялыларының тізе қосып іс-қимыл жасуына игі ықпал етті. 1917 жылдың көктемінде қазақ даласындағы саяси белсенділік күшейді. Орынбор қаласында Торғай облысы, Омбы қаласында Ақмола облысы қазақтары, сондай-ақ, Орал, Семей қалаларында Орал және Семей облыстарының қазақтары бірінен кейін бірі қазақ съездерін өткізді. Ж. Досмұхамедов Орал облыстық қазақтарының съезін өткізген облыстық қазақ комитетінің белсендісі болды. Тарихшылардың деректері бойынша, Орал қазақтары комитетінің мүшелері: Ж. Досмұхамедов, Ы. Тоқберлиев, Х. Тасымов, Т. Сарыбөпиев, Е. Мұқанов, Д. Сәрсенбаев, Ғ. Әлібеков, Д. Күсепқалиев, Б. Жанқадамов, Р. Қаржаубаев, Д. Жұлдызов, Х. Досмұхамедов, Ы. Топаев, Е. Әбенев, Қ. Жәленов, Ғ. Есенғұлов, С. Қаратілеуов, Б. Жұмағалиев, С. Омаров, Б. Тілепін [7].

Орал облыстық қазақ комитеті – Жайық өзенінің сол жағалауын қоныстанған қазақ ауылдарын басқару мақсатында құрылған атқару органы. Комитетте 1-ші Орал облыстық қазақ съезінің Жайық сырты бөлігіндегі бұрынғы төрешіл-бюрократтық басқару жүйесін коллегиялық халықтық басқару жүйесіне ауыстыру жөніндегі шешімінен туындаған барлық қаулы-қарарды жүзеге асырумен шұғылданды. Орал қаласындағы, уездердегі қазақ қаржысына салынған жылжымайтын дүние-мүлікті есепке алып, қазақ пайдасына қызмет еткізу, ел-

ден ерікті жылу жинау, оқу орындарын ашу, жәрмеңкелер өткізу, азық-түлікпен қамтамасыз ету, басқа қоғамдық ұйым-мекемелермен байланыс жасау ісімен айналысты.

Орал облыстық 1-ші қазақ съезін шақырушылар оған мұқият дайындалды. Делегаттар арасында, Орал облысының уездерін айтпағанда, барлық болыстардың өкілдері болды. Съезді шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросы ол жұмысын бастаудан көп бұрын Ғұбайдолла Әлібеков төрағалық еткен Уақытша облыстық қазақ комитетін құрған болатын. Съезді кіріспе сөзбен ашып, оның төрағасы, екі орынбасарын және үш хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасаған Ғ. Әлібеков болатын. Төрағалыққа Ж. Досмұхамедов сайланды. Жаһанша Досмұхамедов, съездің хаттамасындағы мәліметтерге қарағанда, Томск округтік соты прокурорының қызметін атқарған. Ол съезд жұмыс істеген кезде Оралда демалыста жүрген болатын. Округтік сот орынбасары үлкен лауазым иесі болған. Оған Томск губерниясындағы саяси айдауда болғандар мен қамау орындарының үстінен қарау құқығы берілген болатын. Оның орынбасары болып Ғ.Әлібеков пен А.Қалменов, хатшылар болып Ғ.Жетпісбаев, Х.Ахметше және Н.Арғыншиев сайланды [8].

Осындай тыңғылықты дайындықтан соң, Орал қазақтарының бірінші съезі 1917 жылы сәуір айының 19-22 аралығында Орал қаласындағы цирк үйінде (қазір оның орнында Жұбан Молдағалиевтың ескерткіші тұр) өтті. Алғашқы күні съездің күн тәртібіне үш мәселе қойылды: 1) мемлекетті басқару туралы; 2) Уақытша өкіметке қатысты ұстаным; 3) жүріп жатқан әлемдік соғысқа қатысты мәселелер. Торғай және Жетісу қазақтарының съездеріне қарағанда Орал қазақтарының съезінің күн тәртібіне қойған мәселелері саяси сауаттылығы жағынан да, маңыздылығы жағынан да ерекшеленді. Бұл туралы белгілі ғалым, ең алғаш алаштану негізін қалаған тарихшы, академик, Алаш қайраткерлерінің мұрасын зерттеуге ұйытқы болған ұлтымыздың ірі тұлғасы Кенес Нұрпейісов: «Біздің пікірімізше, Орал облыстық съезінің күн тәртібі басқалардан айтарлықтай ерекшеленіп тұр. Онда көлем-деңгейі де, маңызы да әртүрлі, бір-бірімен тығыз байланысты үш мәселе жалпы мемлекеттік, ұлттық және аймақтық (жалпыресейлік, қазақстандық және оралдық) мәселе жеке-жеке жүйеленген. Мұның үстіне съезде талқыланған мәселелер оған қатысушыларға сол кезеңнің сан қилы оқиғаларын бағалауға ғана мүмкіндік беріп

қоймаған, сонымен қатар келешекті болжауға да түрткі болған. Съезде қаралған мәселелер саны 23-ке жетіп, басқа съездердің күн тәртібінен әлдеқайда асып жығылды» [9].

Бірінші мәселе бойынша съезд делегаттары демократиялық мемлекет құруды қолдады, бірақ, қазақтардың егеменді ел болуға халықтың білімі мен тәжірибесі жеткіліксіз, шаруашылығы, экономикасы әлсіз, сол үшін бастапқыда федерация құрамындағы автономия болу ұтымды болар деген пікір көпшіліктің қолдауына ие болды. Съезде сөз сөйлеген Ж. Досмұхамедов: «Біздің мақсатымыз – ел билеуді, халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Біздер тапқа жікке бөлінбейміз, біртұтас халық ретінде болашақ үшін күресеміз. Жайық өңірін мекендеген басқа ұлттармен достық одақ жасап, араздасуға жол бермеуіміз керек, өйткені, ғасырлар бойы осы тағдырмен тығыз байланысты. Қазір желбіреген бостандықтың жасыл туы бәрімізді бірлікке, туыскандыққа шақырады. Қазақ шаңырағы бәріне де пана бермек. Сондықтан, саяси авантюристерден жолды бөгейік, қантөгіске жол бермейік, жұрттың берекесі кетуге түптеп себеп болған нәрсе қазақта бірліктің жоқтығы. Соған байланысты қазақты тонаушыларды, момынды жылатушыларды серіктікке алмаймыз. Қазақты, басқа халықтарды аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Қазақты елдің тұрмысын, тілін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз» – деп атап көрсеткен [10].

Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов сынды батыс аймақтық қайраткерлер қазақ елінің Ресей құрамындағы автономия болуын қолдағанымен, түпкі армандары тәуелсіз елге айналу екені даусыз. Бұл туралы зерттеушілер былай дейді: «Одақтас республикалардың кез-келген уақытта дербес мемлекет ретінде КСРО-ның құрамынан бөлініп кетуіне құқы бар» деген бапты кімдер кеңестің конституциясына кіргізіп еді? Әрине, оның ішінде Украина мен Грузия өкілдері, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер бар. Егер Түркістан идеясын қолдаса, онда солтүстіктегі бес облыс – Ресейге, оңтүстіктегі бес облыс – Өзбекстанға қалар еді. «Алашордашылардың» мақсаты – біртұтас қазақ мемлекетін құру. Бұған Х.Досмұхамедовтің түрмедегі тергеушіге берген мына жауабы дәйек бола алады. Онда: «Қазақстан жағырапиялық жағынан біртұтас

мемлекет ретінде басқарылуы тиіс. Барлық жоғарғы лауазымдар сайланып қойылуы керек. Егер де Кеңес өкіметі саяси еркіндік жариялап, еркін партия құруға мүмкіндік берсе, оларға да осы талапты қою керек дестік. Бұл бағдарламаға Тынышбаев екеуіміз қандай үлес қоссақ, Жаһанша Досмұхамедов те сондай дәрежеде белсене қатысты» [11].

Белгілі тарихшы Тұрсын Жұртбайдың көрсетуінше, Орал қазақтарының бірінші съезі өтіп жатқан кезде төрде «Құран» аяты жазылған жасыл Ту ілініп тұрған, қасиетті жасыл ту – азаттықтың аянтуы, Тәуелсіздік Туы, Алаш Туы еді дейді ғалым. Т.Жұртбай «Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов және...» атты ғылыми зерттеуінде осы құрылтайдың төрағасы болған Ж.Досмұхамедов 1938 жылы «халық жауы» ретінде ұсталып, істі болғанда тергеушіге берген жауабын келтіреді: «Құрылтайдың тапсыруымен Орал қазақтарының басқару құрылымын жасадым, ол еш өзгеріссіз құрылтайда бекітілді. Кейінгі демократиялық өзгерістердің барысында ол жеке кітапша боп басылып шықты. Құрылтай: монархияға – демократияның құлдығының символы, бір халықты екінші халыққа арандатудың ошағы ретінде баға берді. Егерде: барлық халықтардың өзі-өзі билеуіне ерік берілген жағдайда және барлық державалар қарусыздандырылса, онда құрылтай өкілдері ешқандай аннекциясыз, контрибуциясыз бейбіт келісім жасауды жақтайтынын мәлімдеді. Жалпыға ортақ ашық және жасырын дауыспен сайланған Құрылтай жиналысы – Россияның мемлекеттік заңдық құрылымы ретінде танылды, өзінің санына байланысты әр ұлттың өкілі мемлекеттік мекемелерге қабылданатын болсын деп шешім шығарды» [12].

Съездің қатысушылары Ресей патшасын тақтан құлатқан Уақытша үкімет тартақан ресми мәліметін орындап, уәдесінде тұрып, демократиялық мемлекеттік құрылыс орнататын болса, Орал маңы қазақтары қолдайтыны туралы қарар қабылдайды.

Съездің екінші күні аймақтағы ауыл шаруашылық мәселелері, жер иемденудің өзекті сұрақтары талқыланады. Орал облысына Ресейдің ішкері аймақтарынан көшіп келіп жатқан орыс-казак шаруаларына жер үлестіруді тоқтату, бұрыннан бері қазақтардың иелігіндегі жерлерді орыс «переселендерге» (переселенцы, қоныс аударушылар) алуына тиым салу қажеттігі бір-ауыздан қолдауға ие болды. Жер және ауыл шаруашылық мәселелері бойынша съезд төмендегідей қарар қабылдайды:

1. Қазақ жеріне келімсектерді жіберуді тоқтатып, осы кезге дейін пайдаланбай келген монастырьлардың, шіркеулердің, дворяндардың жерлері қазақтарға себеп-сылтаусыз қайтарылсын;

2. Қазақтарға бұрынғы қазына меншігіндегі орман, дача, далалық аймақтардың шөптерін шабуға рұқсат беріледі, бірақ орманды шабуға, орман арасына мал жаюға тыйым салынады, малды орман арасындағы ашық жерлерде, далада жаюға рұқсат етіледі;

3. Қоныс аударушылар тұрып жатқан жерлер Құрылтай жиналысы жер мәселесін шешкенше оларға пайдалануға қалдырылады;

4. Шалқар мен Индер көлдерінің талас мәселелері, ондағы балық аулауға байланысты дауы жаңа заң қабылданғанға дейін қалдырыла тұрады;

5. Гурьев және Темір уездерінің көшпенділеріне отырықшы қазақтар территориясының үстінен көшіп-қонуға рұқсат етілді. Сонымен қатар, шаруашылықтарға еш зиян келтірмеу жағын ойластыру керек;

6. Қазақтар мен татарларға Ойыл жәрмеңкесі маңында құрылыс салу құқығы беріледі [13].

Съездің үшінші күні Халел Досмұхамедов және Жаһанша Досмұхамедовтердің облыстық қазақ аудандарын басқаруды қайта құру жөніндегі бағдарламасы мен «Орал облысының далалық бөлігін басқарудың Уақытша ережелері» талқыланды. Уақытша ереженің бір бабында ауылды, уезді және облысты басқаруға тиісті өкімет пен атқару органдары жүйесін құрудың және оны іске қосудың нақтылы нұсқаулары анықталған болатын. Жаңа өкімет өзінің мәні жөнінен азаматтық болуға тиіс еді, ескі мемлекеттік аппарат түгел жойылуы тиіс еді. Жаңа басқару жүйесі қоғамдық тәртіпті сақтау органдарынсыз толыққанды болмайтыны ескеріліп, Ереженің төртінші бөлімінде ауыл, село, болыс милициясының негізгі міндеттері анықталады. Уездік милиция бастығының қызмет атқару тәртібі белгіленіп, милиция органдарының басқа өкімет құрылымдары арасындағы қарым-қатынас жолдары айқындалған. Жергілікті өкімет пен басқару органдарының құрылымы мен міндеттерінің жан-жақты анықталуы Орал қазақтары съезіне қатысушылардың білімі мен біліктілігі жоғары болғанын көрсетеді. Осылайша, Орал облыстық қазақ съезі қабылдаған саяси шешімдер арқылы Жаһанша Досмұхамедов басқарған облыстық қазақ комитеті 1918-1919 жылдары мемлекеттік-саяси құрылым ретінде өмір сүрген «Ойыл уәлаятының» негізін қалады.

Дегенмен, қазақ әскерін құру, қазақ жастарын

әскери іске баулу мәселесін Алаш қайраткерлері І-ші Дүниежүзілік соғыс басталған сәттен бері көтерген болатын. 1916 жылы 3 ақпанда Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Н. Бегімбетов Петроградқа барып, Мемлекеттік кеңес мүшесі, Әскери министр, Мемлекет қорғанысы жөніндегі айрықша кеңестің төрағасы, генерал А.А. Поливановқа жолығып, қазақтарды әскерге алу мәселесін жеткізеді. Ондағы басты мақсат – заманауи қару-жарақтың тілін білмей, тұрақты әскерге тартылмай ұлттық тәуелсіздік туралы қиялдауға да болмайтын. Мұны алаштықтар келешек ұрпақ алдындағы парызымыз деп түсінді. Заманның беталысы ұлттан соны талап етті. Айбынды армиясыз елдің жарқын болашағы жоқ.

Орал қазақтарының съезінен кейін Алаш әскерін құру идеясы 1917 жылғы І-ші жалпы қазақ съезінде де көтерілген, бірақ ондағы «... анархия болу қаупі бар, сол себепті осы күнгі әскер орнына халық милициясы құрылсын» деген сөздер сол күйінде қалды. Одан кейінгі ІІ-ші жалпы қазақ съезінде «мемлекет халі тайғақ кешуде, тар жолға душар болып тұрғанда жан-жақты қоршаған қалың бәледен сақтану үшін халық әскерін жасау керектігі қайта жаңғырып, милиция құрудың мақсаты анықталды, қазақ милициясын құру жоспары жасалып, бекітілді» [14]

Болашақ Алашорданың батыс бөлімінің жетекшілері Орал облыстық қазақ съезіне «Орал қазачествосымен одақтасу жөніндегі (кеңес өкіметіне қарсы) келісім шартты заңдық негізде даярлау; Орал қазачествосына заттай және қаржылай көмек беру; Әсіресе, оның әскерін ат-көлікпен, жылқымен қамтамасыз ету; Қазақ офицерлерінің басшылығымен Уфадағы әскери үкіметке «Қырғыз милициясының» атын «Қырғыз халық армиясы» деп өзгерту мақсатында жіберілетін адамдарды белгілеу; Жымпитыдан 6 айлық юнкерлік қысқа курс ашу; Төменгі команданың құрамын даярлау үшін сауатты қырғыз жастарын (2 кластық білімі бар гимназистер мен реалистер, мектеп мұғалімдері) және оларды әскер ісіне үйретуге Орал қазачествосынан әскери мамандарды шақыру» туралы ұсыныстарын білдірді [15]. Азамат соғысы жылдарында Антанта елдерінің қолдауына сүйенген үкіметтер құрылғаны белгілі. Солардың қатарында Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметі, 1918 жылы маусымда Самарада құрылған Құрылтай жиналысы мүшелерінің Комитеті (Комуч) және 1918 жылы қыркүйекте құрылған Уфа директориясы («Уақытша Бүкілресейлік үкімет»), сондай-ақ Башқұрт үкіметі мен Алашорда үкіметі де болғанын айта кеткен жөн.

Алашорда үкіметі азамат соғысы жылдарында аталған Уақытша үкіметтермен тіл табысып, Орал, Сібір, Жетісу, Орынбор атты казактарымен тығыз байланыс орнатты және оларға Алаш автономиясын ресми тану жөнінде өтініштер жасады. Сонымен қатар, мүмкіндіктеріне қарай көмек беруді сұрады. Осы тұста 1918 жылдың 11 қыркүйегінде Құрылтай мүшелерінің Комитеті Алаш автономиясын танығанын және Самара Комитеті Алашордаға қару-жарак, киім-кешек жағынан көмек бере бастағанын айта кеткен жөн [15, 149].

Ал, дін мәселесіне байланысты Орал казактарының съезі облыстық діни басқарманы Орынбор мұфтиатына бағындыруды жақтады. Орал казактарының съезінде көтерілген жасыл тудан рух алып, съезд делегаттарынан өкілеттікке ие болған Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ғ.Әлібеков, К.Жәленов, Ғұбайдолла және Дәулет ишандар, У.Танашев пен Ш.Бекмұхамедов 1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеу қаласында өткен І Бүкілресейлік мұсылмандар құрылтайына қатысты. Заңгер Ж. Досмұхамедов зор беделге ие болып, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі «Шора-и-Ислам» (исполком мусульманской организации – Икомус) төрағасының орынбасарлығына сайланды. Ол сонымен қатар, Бүкілресейлік демократиялық мәжілісте Ресей Республикасының Уақытша кеңесінің (предпарламентінің) құрамына енгізілді.

Б. Қойшыбаев зерттеуінде Ж. Досмұхамедовтың ОГПУ тергеушісіне берген жауаптарын

көрсетеді: «...бұл съезде мен «Шура» бүкілресейлік мұсылман комитеті төрағасының орынбасары болып сайландым». Осынау бүкілресейлік лауазымға сайлану оның бұрынғы империя түркі халықтары арасындағы биік беделінің нәтижесі іспетті еді. Оның беделі «Икомуста» қызмет атқарған уақыттарында да төмендеген жоқ. Күлліресей мұсылмандарының Мәскеу съезінен соң «көп ұзамай мені құрылтайшы жиналысқа сайлау өткізу туралы заң жобасын жасау жөніндегі комиссияға енгізді, – деп көрсетті ол ОГПУ тергеушісіне. – Аталған жұмыстарды атқару үшін мен Петербургте 1917 жылғы қарашаның ортасына дейін болдым». Жаңа күнтізбемен – қарашаның аяғына дейін [16]. Сонымен қатар, 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда өткен алғашқы Жалпықазақ съезі Жаншаның Орал облысынан мұсылмандар құрылтайына делегаттығын қуаттап, оны Киевте өтетін федерацияшылдар съезіне де делегат етіп сайлады.

Қорытып айтар болсақ, Орал казактарының съезі Ж. Досмұхамедовтың саяси қайраткерлігінің бастауы ғана емес, Алаш қозғалысының қалыптасуы мен дамуындағы өзіндік орны бар, тарихи маңызы зор саяси іс-шара болды. Ж. Досмұхамедов ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі ұлттық жаңғыруды бастаған, дамуы тежеліп қалған қазақ халқын жаңа арнаға салушы Алаш қайраткерлері тобының бел ортасында жүрді. Олар бастаған қоғамдық қозғалыс тарихта «Алаш қозғалысы» деген атпен қалды. Алаш қозғалысы – біріншіден, ұлт-азаттық қозғалыс, екіншіден, ұлттық жаңғыру қозғалысы болды.

Әдебиеттер

- 1 Қойгелді М. Қазақ қоғамы Ахандар көрсеткен табиғи арнаға түсіп, өз жолын табуы керек // Аңыз адам. – 2010. – №10. – 5 б.
- 2 Самат Сыпатайұлы. Үш жүз хәм Қазақ // <http://old.abai.kz/content/samat-sypataiyly-sh-zh-z-em-kazak>.
- 3 Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832. – Ч. 3. – С. 99-100.
- 4 Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 502 с.
- 5 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4 том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2002. – 124 с.
- 6 Досухаманов Д. Несколько слов о киргизском обычном праве и народном суде // Уральский листок. – 13 января 1911 года. – № 9.
- 7 Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 42-43 бб.
- 8 Сүлейменова Д. Зұлмат жылдар құрбаны болған Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры хақында // Ана тілі. 2011 жылғы 11 наурыз. – 3 б.
- 9 Нұрпейісов К. Алаш хәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 10 Ақбаев Ж. Жанша. – Орал, 1994. – 79-80 бб.
- 11 Жұртбай Т. Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы // Қазақ үні. 2011 жылғы 30 желтоқсан. –Б. 3.
- 12 Жұртбай Т. Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов және... // <http://old.abai.kz/node/14269>.
- 13 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. – Т. 1. – 552 б.

14 Ташанова С. Архивные источники повествуют... // Алаш және Алаш Орда тарихы-мұрағат құжаттарында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (Астана қаласы, 2012 жылғы 21 қараша) Астана – 2013. – 150 б.

15 Илиясова К. Алаш әскері: құрылуы мен қызметі // Алаш және Алаш Орда тарихы-мұрағат құжаттарында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (Астана қаласы, 2012 жылғы 21 қараша) Астана – 2013. – 148 б.

16 Қойшыбаев Б. Аймақтық Алаш үкіметін басқарған Жанша Досмұхамедов жайында не білеміз? // «Общественная позиция» (проект «DAT») № 10 (138) 2012 жылғы 29 ақпан. – 5 б.

References

- 1 Қојгелди М. Қазақ қоғамы Аһаңдар көрсеткен табиғи арнаға тәсіп, өз жолын табуы керек // Аңыз адам. – 2010. – № 10. – 5 б.
- 2 Samat Syptajyly. Ysh zhyz hәм Қазақ // <http://old.abai.kz/content/samat-syptajyly-sh-zh-z-em-kazak>.
- 3 Levshin A. Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajsackih ord i stepej. – SPb., 1832. – Ch. 3. – S. 99-100.
- 4 Қазақ Совет jenciklopedijasy. 1-tom. – Almaty, 1972. – 502 s.
- 5 Қазақстан. Ұлттық jenciklopedija. 4 tom. – Almaty: Қазақ jenciklopedijasynуң bas redakcijasy, 2002. – 124 s.
- 6 Dosuhamedov D. Neskol'ko slov o kirgizskom obychnom prave i narodnom sude // Ural'skij listok. – 13 janvarja 1911 goda. – № 9.
- 7 Sylejmenova D. Alashordanуң Batys bәliminiң tarihy – әlke tarihyнуң құрамдас бәligi. – Almaty: Arys, 2007. – 42-43 bb.
- 8 Сүлейменова D. Зұлмат зhyлдар құрбаны болған Алаш қайраткері Hasan Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры хақында // Ана тили. 2011 zhyлғы 11 наурыз. – 3 б.
- 9 Нұрпейісов К. Алаш һәм Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 б.
- 10 Ақбаев Zh. Zhansha. – Oral, 1994. – 79-80 bb.
- 11 Zhұrtбай T. Әlihan Bәkejhanov zhәne birtұtas Alash idejasy // Қазақ үni. 2011 zhyлғы 30 zheltōksan. –B. 3.
- 12 Zhұrtбай T. Hәlel Dosmұхамедov, Zhahansha Dosmұхамедov zhәne... // <http://old.abai.kz/node/14269>.
- 13 Alash kozғalysy. Құзhattar мен materialdar zhinaғы. Sәuir 1901 zh. – zheltōksan 1917 zh. Құрастыруshylar: K.S. Aldazhұmanov, A.S. Zұлқasheva, M.K. Қојgeldiev, K. Нұрпейіs, S.K. Rystemov, E. Sajlaubaj, Sh.B. Tileubaev, E.V. Chilikova. -Almaty: «Alash», 2004. – T. 1. – 552 б.
- 14 Tashhanova S. Arhivnye istochniki povestvujut... // Alash zhәne Alash Orda tarihy-mұрағat құzhattaryнда Halyқаралық ғылыми-tәzhiribelik konferencijasynуң materialdary (Astana қalasy, 2012 zhyлғы 21 қarasha) Astana – 2013. – 150 б.
- 15 Ilijasova K. Alash әskeri: құryлуы мен қызметі // Alash zhәne Alash Orda tarihy-mұрағat құzhattaryнда Halyқаралық ғылыми-tәzhiribelik konferencijasynуң materialdary (Astana қalasy, 2012 zhyлғы 21 қarasha) Astana – 2013. – 148 б.
- 16 Қојshybaev B. Аймақтық Алаш үkimetin басқарған Zhansha Dosmұхамедov zhajyнда ne bilemiz? // «Obshhestvennaja pozicija» (proekt «DAT») № 10 (138) 2012 zhyлғы 29 ақпан. – 5 б.